

**Еңбекшілдер ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 21 желтоқсандағы № А-12/384 " Мүгедектер үшін жұмыс орындарының жалпы санынан 3 пайыздық көлемінде жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 27 қыркүйектегі № А-6/285 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 23 қазанда № 3849 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 18 ақпандағы № а-2/32 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданы әкімдігінің 18.02.2016 № а-2/32 (қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**РҚАО ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы " Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңына сәйкес, Еңбекшілдер ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Еңбекшілдер ауданы әкімдігінің "Мүгедектер үшін жұмыс орындарының жалпы санынан 3 пайыздық көлемінде жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" 2012 жылғы 21 желтоқсандағы № А-12/384 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3558 тіркелген, 2013 жылғы 18 қаңтарда "Жаңа-дәуір" және "Сельская-новь" аудандық газеттерінде жарияланған ) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

қаулының кіріспесі жаңа редакцияда баяндалсын:

"Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы " Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5 бабының 2 тармағына, 7 бабының 2) тармақшасына сәйкес, Еңбекшілдер ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**".

2. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК